

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқармасының  
2008 жылғы «26» наурыздағы  
шешімімен  
бекітілді  
№28 хаттама

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**  
**2008-2012 жылдар кезеңіне арналған**  
**еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдарға қатысты**  
**дивидендтік саясаты**

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер .....	3
2. Мақсаты және негізгі қағидаттары .....	4
3. Қоғамға дивидендтер төлеудің негізгі шарттары .....	4
4. Дивидендтерді есептеу мөлшерін айқындау тәртібі .....	5
5. Дивидендтерді төлеу тәртібі.....	6
6. ETF дивидендтік саясаты туралы хабардар ету .....	6
7. Дивидендтерді төлеу үшін жауапкершілік .....	6
8. Қорытынды ережелер .....	6

Андрей

Мак

Джон<sup>2</sup>

## 1. Жалпы ережелер

1.1 «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2008-2012 жылдар кезеңіне арналған еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдарға қатысты дивидендтік саясаты (бұдан әрі – Саясат) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі акциялар пакеттеріне және қатысу үлестеріне дивидендтер төлеу мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары арасындағы өзара қатынастарды іске асыру қагидаттарын белгілейді және тетіктегін айқындайды.

1.2 Саясат Жалғыз акционер «Самұрық» холдингі» АҚ 2007 жылғы 3 желтоқсандағы №182-п шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысына және оның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1.3 Саясат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен дивидендтерді төлеу мөлшері мен тәртібін айқындау мәселелерін регламенттейтін шарттық қатынастары бар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдарының арасындағы өзара қатынастарға тарамайды.

1.4 «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымдарына осы дивидендтік саясаттың негізінде коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда, өзінің еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара қатынастарын регламенттейтін үқсас құжаттарды белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекіту ұсынылады.

1.5 Осы Саясатта мынадай терминдер мен айқындаамалар қолданылады:

<b>Қоғам</b>	- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ,
<b>Жалғыз акционер</b>	- «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ,
<b>Еншілес ұйым</b>	- жарғылық капиталының басым бөлігін Қоғам қалыптастырған немесе, егер жасасқан шартқа сәйкес (немесе басқаша түрде) Қоғамның осы ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындауга мүмкіндігі бар занды тұлға.
<b>Тәуелді қоғам</b>	- Қоғам жиырма проценттен артық дауыс беретін акцияларына ие болатын, бұл ретте Еншілес ұйым болып табылмайтын занды тұлға (осы Саясаттың мақсаттары үшін).
<b>ЕТҰ</b>	- еншілес ұйымдар және тәуелді қоғамдар
<b>Саясат</b>	- Қоғамның еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдарға қатысты 2008-2012 жылдар кезеңіне арналған дивидендтік саясаты
<b>Дивидендтер</b>	- оларға тиесілі ЕТҰ жарғылық капиталдарына қатысу акциялары мен үлестері бойынша акционерлерге/қатысушыларға төленетін ЕТҰ таза

Министр

Министр

	кірісінің (корытынды пайдасының) бөлігі.
<b>Ең тәмен дивидендтер</b>	- Саясатқа 1-қосымшага сәйкес ең тәмен дивидендтік төлемдер коэффициенттеріне/сомаларына сәйкес ЕТҰ-дің есепті кезең үшін акционерлерге/қатысуышыларға есептейтін дивидендтері.
<b>Қосымша дивидендтер</b>	- ЕТҰ-дің есепті кезеңінде корытындылары бойынша акционерлерге/қатысуышыларға ең тәмен дивидендтердің үстінен төлейтін дивидендтері.
<b>Коммерциялық емес үйім</b>	- негізгі мақсаты кіріс алу болмайтын және қатысуышылар арасында алынған таза кірісті үйлестірмейтін занды тұлға

## 2. Мақсаты және негізгі қағидаттары

2.1 Саясаттың мақсаты Қоғам мен ЕТҰ мүдделерінің балансын, Қоғамға ЕТҰ дивидендтік төлемдерінің мөлшерлерін айқындаған кезде ашықтықты қамтамасыз ету болып табылады.

2.2 Саясаттың негізгі қағидаттары:

- 1) ЕТҰ-дің Қоғамға Ең тәмен және Қосымша дивидендтерді төлеуін қамтамасыз ету;
- 2) Осы Саясаттың 2.3-тармағында көзделген, оның ішінде реинвестициялар есебінен Қоғамның капиталдандыруының тұрақты өсуін қамтамасыз етуге бағытталған шығындарды қаржыландыру үшін Қоғамның дивидендтік кірістерін қамтамасыз ету;
- 3) Қоғамның қызметін және белгіленген тәртіппен келісілген ЕТҰ инвестициялық жобаларын қаржыландыру қажеттілігі болып табылады.

2.3 Қоғамға ЕТҰ есептеген дивидендтердің мөлшері:

- 1) Жалғыз акционерге дивидендтер төлеуді;
- 2) Қоғам іске асыратын инвестициялық жобаларды;
- 3) Қоғамның қаражаты есебінен ЕТҰ іске асыратын жобаларды;
- 4) Жалғыз акционердің тапсырмасы бойынша Қоғам іске асыратын жобаларды және/немесе өзге де шығыстарды;
- 5) әкімшілік сипаттағы күрделі салымдарды қоса алғанда, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін;
- 6) өзге де көзделмеген шығыстарды қаржыландыру үшін Қоғамның ақшалай қажеттілігін өтеуі тиіс.

## 3. Қоғамға дивидендтер төлеудің негізгі шарттары

3.1 ЕТҰ, бір жылда алынған таза кірістің (корытынды пайдасының) мөлшеріне және Қоғамның өндірістік және инвестициялық қызметін дамыту қажеттілігіне негізделіп, капиталдандыруды өсірумен қатар Қоғамға төленетін дивидендтердің мөлшерін ұлғайтуға ұмтылады.

3.2 ЕТҰ-дің Қоғамга дивидендтер төлеуінің шарттары:

1) ЕТҰ-да тәуелсіз аудиторлар растаған қаржылық есептілікке сәйкес бір жылдағы шоғырланған және жекелеген таза кірісінің (корытынды пайдасының) болуы;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 5-тармағында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы;

3) дивидендтердің мөлшері туралы ЕТҰ Директорлар кеңесінің / Байқаушы кеңесінің ұсынымы;

4) ЕТҰ тиісті органының шешімі болып табылады.

#### **4. Дивидендтерді есептеу мөлшерін айқындау тәртібі**

4.1 Қоғам осы ЕТҰ жүзеге асыратын бизнестің сипатына (рентабельділігіне), оның капитал сыйымдылығына, осы орта мерзімді кезеңде меншікті қаражатын тарта отырып, инвестициялық қызметті жүзеге асырудың қажеттілік дәрежесіне байланысты жекелеген ЕТҰ-ларға қатысты Ең төмен дивидендтерді айқындауда жеке түрғыдан саралауды жүзеге асырады.

4.2 Есепті кезең бойынша акционерлерге/қатысуышыларға ЕТҰ есептейтін ең төмен дивидендтердің мөлшері Саясатқа 1-қосымшага сәйкес ең төмен дивидендтік төлемдердің коэффициенттерін/сомаларын қолдануды есепке ала отырып, ЕТҰ шоғырланған немесе жекелеген таза кірісінен (корытынды пайдасынан) ең үлкен шамаға негізделіп айқындалады.

4.3 ЕТҰ-дан қосымша дивидендтер ЕТҰ-ның жылдық қаржылық нәтижелерін ескеріп, сондай-ақ олардың:

1) тұрақты жыл сайынғы кірістерді туындататын қолданыстағы өндірістік активтердің өнімділігін арттыруға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыруға;

2) белгіленген тәртіппен келіскең жобаны қаржыландыру құрылымына сәйкес меншікті қаражат талап етілетін бөлікте инвестициялық жобаларды қаржыландыруға;

3) қарыз міндеттемелерін өтеуге;

4) белгіленген тәртіппен келіскең өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салымдарды қаржыландыруға;

5) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе мемлекеттік органдардың тапсырмаларына сәйкес іс-шараларды қаржыландыруға меншікті қаражатқа қажеттілігін ескеріп есептеле алады.

4.4 Қоғам Жалғыз акционерге Қосымша дивидендтерді төлеген жағдайда ЕТҰ-дан да қосымша дивидендтер есептелуі мүмкін.

*Ж.М.С.*

4.5 Есепті жылдың қорытындылары бойынша дивидендердің мөлшері туралы түпкілікті шешім ЕТҰ тиісті органының шешімімен белгіленеді.

## **5. Дивидендерді төлеу тәртібі**

5.1 ЕТҰ ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Қоғамға дивидендерді төлейді.

5.2 ЕТҰ және олардың басқару органдары Қоғамға дивидендерді уақытында және толық төлеуді қамтамасыз етеді.

5.3 Дивидендерді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы қабылданған шешімге сәйкес Қоғамның банк шотына тиісті ақша сомаларын аудару дивидендерді төлеу болып есептеледі.

5.4 Дивидендерді төлеу ақша нысанында жүзеге асырылады.

## **6. ЕТҰ дивидендтік саясаты туралы хабардар ету**

6.1 ЕТҰ-ға Кодекске сәйкес әзірлеген өзінің дивидендтік саясатын және оған өзгерістерді Интернет желісіндегі өзінің корпоративтік веб-сайтында орналастыру ұсынылады.

6.2 ЕТҰ дивидендерді төлеу туралы шешім қабылдағаны, олардың мөлшері, мерзімі, олардың төлеу тәсілдері мен нысаны туралы акпаратты міндетті түрде жариялайды, ол бұл мәселелер бойынша Қоғамға бір мәнді және айқын көрініс беруі тиіс.

6.3 Шешімдерді қабылдау үшін Қоғамға ұсынылатын материалдардың құрамында дивидендерді төлеу үшін қажетті шарттардың болуы немесе болмауы туралы куәландыратын барлық қажетті акпарат қамтылуы тиіс.

## **7. Дивидендерді төлеу үшін жауапкершілік**

7.1 Дивиденттерді толық және уақытында төлеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және ЕТҰ ішкі құжаттарымен айқындалады.

## **8. Қорытынды ережелер**

8.1 Осы Саясат ЕТҰ-ның 2007 жылдың қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындысын шығарудан бастап 2008 жылдың 1 қантарынан қолданысқа енгізіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес үйымдар мен тәуелді қоғамдарға қатысты  
2008-2012 жылдар кезеңіне арналған дивидендтік саясатына  
**№ 1-қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес үйымдары мен тәуелді қоғамдарының  
ең төмен дивиденд төлемдерінің коэффициенттері/сомалары**

№	Атауы	Ең төмен дивиденд төлемдердің коэффициенті/сомасы	млн.тенге
1	"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ	TK-ден 0,3 *	
2	"ҚазТрансОйл" АҚ	2 200 + [(TK - 2 200/0,22)-ден 0,3 ] **	
3	"ҚазМұнайГаз" сауда үйі" АҚ	1000 + [(TK - 1000/0,3)-ден 0,3 ] **	
4	"ҚазТрансГаз" АҚ	1000 + [(TK - 1000/0,3)-ден 0,3 ] **	
5	"ҚазРосГаз" ЖШС	TK-ден 0,15	
6	"ҚазТенізКөлікФлоты" ҮТКК" АҚ	TK-ден 0,15	
7	"ТенізСервис" ЖШС	TK-ден 0,15	
8	"Қазақ мұнай және газ институты" АҚ	TK-ден 0,15	
9	"Евро-Азия Эйр" АҚ	TK-ден 0,15	
10	"Атырау халықаралық әуежайы" АҚ	TK-ден 0,15	
11	"ҚазМұнайГаз-Сервис" ЖШС	TK-ден 0,1	
12	"Қазақстан-Британ техникалық университеті" АҚ	TK-ден 0,1	
13	"Рауан Медиа Групп" АҚ	TK-ден 0,1	
14	"ҚазМұнайТеніз" ТМК" АҚ	TK-ден 0,1	
15	"Каспий мұнай-газ компаниясы" ЖШҚ		
16	«Тенізшевройл» БҚ» ЖШС		
17	«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС		
18	«Қазақтүрікмұнай» ЖШС		
19	«ҚазГерМұнай» ЖШС		
20	«КМГ Құмқөл» ЖШС		
21	Cooperative KazMunaiGaz PKI U.A.		
22	KMG Kashagan B.V.		
23	KazMunaiGaz Finance B.V.		
24	«КҚҚ-Қ» АҚ		
25	«КҚҚ-Р» ЖАҚ		
26	«Қазақстан Пайлайн Венчурс» ЖШС		
27	«Қазақойл-Украина» ЖШС		

**Ескертулер:**

- \* TK – ЕТҰ шоғырланған немесе жекелеген таза кірісінен (корытынды пайдасынан) ең үлкен шама.
- \*\* Есептік формуланың екінші бөлігінің (квадрат жақшалардағы) мәні теріс болған жағдайда, дивидендтер кемінде формуланың бірінші бөлігінде көрсетілген сомада төленеді.

Утверждена  
решением Правления  
АО НК «КазМунайГаз»  
от «26» марта 2008 года  
Протокол №28

**Дивидендная политика  
АО НК «КазМунайГаз» по отношению  
к дочерним организациям и зависимым обществам  
на период 2008-2012 годы**

г.Астана, 2008 год

## **Содержание**

<b>1. Общие положения .....</b>	<b>3</b>
<b>2. Цель и основные принципы .....</b>	<b>4</b>
<b>3. Основные условия выплаты дивидендов Обществу.....</b>	<b>5</b>
<b>4. Порядок определения размеров начисления дивидендов .....</b>	<b>5</b>
<b>5. Порядок выплаты дивидендов.....</b>	<b>6</b>
<b>6. Информирование о дивидендной политике ДЗО .....</b>	<b>6</b>
<b>7. Ответственность за выплату дивидендов.....</b>	<b>6</b>
<b>8. Заключительные положения.....</b>	<b>7</b>

*Решение*

*Решение<sup>2</sup>*

## **1. Общие положения**

1.1 Дивидендная политика АО НК «КазМунайГаз» по отношению к дочерним организациям и зависимым обществам на период 2008-2012 годы (далее – Политика) устанавливает принципы и определяет механизмы осуществления взаимоотношений между АО НК «КазМунайГаз» и его дочерними организациями и зависимыми обществами по вопросам выплаты дивидендов на пакеты акций и доли участия, принадлежащие АО НК «КазМунайГаз».

1.2 Политика разработана в соответствии с Кодексом корпоративного управления АО НК «КазМунайГаз», утвержденным решением Единственного акционера АО «Холдинг «Самрук» от 3 декабря 2007 года №182-п (далее – Кодекс), действующим законодательством Республики Казахстан, Уставом АО НК «КазМунайГаз» и его внутренними документами.

1.3 Политика не распространяется на взаимоотношения между АО НК «КазМунайГаз» и его дочерними организациями и зависимыми обществами, с которыми АО НК «КазМунайГаз» имеет договорные отношения, регламентирующие вопросы определения размера и порядка выплаты дивидендов.

1.4 Дочерним организациям АО НК «КазМунайГаз» рекомендуется на основе настоящей дивидендной политики разработать и утвердить в установленном порядке аналогичные документы, регламентирующие их взаимоотношения со своими дочерними и зависимыми организациями, за исключением некоммерческих организаций.

1.5 В настоящей Политике используются следующие термины и определения:

<b>Общество</b>	- АО НК «КазМунайГаз».
<b>Единственный акционер</b>	- АО «Казахстанский холдинг по управлению государственными активами «Самрук».
<b>Дочерняя организация</b>	- юридическое лицо, преобладающую часть уставного капитала которого сформировало Общество, либо, если в соответствии с заключенным договором (либо иным образом) Общество имеет возможность определять решения, принимаемые данной организацией.
<b>Зависимое общество</b>	- юридическое лицо, в котором Общество имеет более двадцати процентов голосующих акций, не являющееся при этом Дочерней организацией (для целей настоящей Политики).
<b>ДЗО</b>	- Дочерние организации и зависимые общества АО «Национальная компания «КазМунайГаз».
<b>Политика</b>	- дивидендная политика Общества по отношению к дочерним организациям и зависимым обществам

	на период 2008-2012 годы.
<b>Дивиденды</b>	- часть чистого дохода (итоговой прибыли) ДЗО, выплачиваемая акционерам/участникам по принадлежащим ему акциям и долям участия в уставных капиталах ДЗО.
<b>Минимальные дивиденды</b>	- дивиденды, начисляемые ДЗО акционерам/участникам за отчетный период согласно коэффициентам/суммам минимальных дивидендных выплат в соответствии с Приложением 1 к Политике.
<b>Дополнительные дивиденды</b>	- дивиденды, выплачиваемые ДЗО акционерам/участникам по итогам отчетного периода сверх Минимальных дивидендов.
<b>Некоммерческая организация</b>	- юридическое лицо, не имеющее в качестве основной цели извлечение дохода и не распределяющее полученный чистый доход между участниками.

## 2. Цель и основные принципы

2.1 Целью Политики является обеспечение баланса интересов Общества и ДЗО, прозрачного подхода при определении размеров дивидендных выплат ДЗО для Общества.

2.2 Основными принципами Политики являются:

- 1) обеспечение ДЗО выплат Обществу Минимальных и Дополнительных дивидендов;
- 2) обеспечение дивидендных доходов Общества для финансирования затрат, предусмотренных пунктом 2.3 настоящей Политики, направленных в том числе на обеспечение стабильного роста капитализации Общества за счет реинвестиций;
- 3) необходимость финансирования деятельности Общества и инвестиционных проектов ДЗО, согласованных в установленном порядке.

2.3 Размер начисленных ДЗО дивидендов Обществу должен покрывать денежную потребность Общества для финансирования:

- 1) выплат дивидендов Единственному акционеру;
- 2) инвестиционных проектов, реализуемых Обществом;
- 3) проектов, реализуемых ДЗО за счет средств Общества;
- 4) проектов и/или иных расходов, реализуемых Обществом по поручению Единственного акционера;
- 5) финансово-хозяйственной деятельности Общества, включая капитальные вложения административного характера;
- 6) иных непредвиденных расходов.

